бір саланың өкілі болмасын, Мем-
асшысымен кездесіп, әсіресе, өзіне
жылы сөз естігенді үлкен абырой
. Қайрат Майышев үшін 2016 жыл-
і өмірлік жадында сақталып қала-
ықша күн саналатыны анық. Сол
згі орақ науқаны басталған уақыт-
ұлтан Назарбаев Тобыл жеріне
ірдегі атқарылып жатқан жұмыс-
нысып қайтқан болатын. Ал сол
ас Қанат-2006" серіктестігіне же-
тіп отырған жас, іскер басшының
ы, айтқан ойы Елбасын қатты
ды, мұншама табысқа қалай жет-
ы сұрап отырды.

ұлтан Әбішұлының алдында
мыздың тарихы мен жай-күйі
лкен толқыныспен баяндап
ақ сөзім аяқталып болған соң
ің қайдан екенімді, осыншама
мысты алып кеткенім жайлы
сын айтайын, екеуара емін-
диалогқа ұласып кетті. Қанша
лкен мемлекетті басқарып
ға емес пе, алдыңғы баянда-
аққа берген жауаптарымды
ды. Сол жолғы Ұлт кәшбас-
ған кездесу, ол кісінің менің
сқаратын кәсіпорынға қара-
ылы лебізін, жоғары бағалау-
а ұмытпаймын. Бұл кездесу
ыш, зор сенім әкелді.

к, Елбасы осы сапарында жас
олын ұзақ қысып, басқа аза-
болардық шаруа істеп отыр-
ышпен жеткізді. Сонымен
Президент Әкімшілігін бас-
ек Жақсыбековке қарап,
ға көз қырларынды сала
тапсырып кеткен болатын.

рген
діболат КӨРКЕМБАЕВ.

дарына жіберетін сот орындаушылары шығуы мүмкін. Нәтижесінде несиелік мінездеме бүлініп, алдағы уақытта банктік несиелерге жол жабылады.

Қарыз алушы – жеке тұлға "нашар" қарыз алушылардың қатарына ілігіп кетпеуі үшін қандай әрекет жасауы тиіс?

– Қарыз алушылар өздері ақылдылық

мақсатында, банк қандай көмек көрсете алатынын анықтаған дұрыс. Бұл жағдайда банкпен өзара қарым-қатынасты жазбаша, құжаттың қабылданғаны жөніндегі белгіні оның екінші данасына міндетті түрде қойғыза отырып жүргізу қажет.

– Ал егер де қарыз алушы бұл мүмкіндікті пайдаланбаған жағдайда,

леріңізді бұзған жағдайда, ҚР Ұлттық Банкінің Қостанай филиалына Қостанай қ., Баймағамбетов көшесі, 195 мекенжай бойынша, 99-09-19, 99-09-20 тел., e-mail kost_80@nationalbank.kz арқылы, сондай-ақ "НБК Online" мобильді қосымша арқылы хабарласуыңыз қажет.

М.ҚАБДРАХМЕТОВА.

Уақыт талабына сай мамандық

Қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде аймақтану мамандығы сән үшін емес, уақыт талабына сай туындаған жаңа мамандық болып отыр. Аталған мамандық нақты қандай да бір аймақ елдерін кешенді зерттеуге бағытталған. Аймақтану мамандығының басымдығы белгілі бір аймақ елдерінің саяси-экономикалық, мәдени, діни, әлеуметтік, демографиялық және тағы басқа қырларының даму ерекшеліктері мен орын алған үдерістердің астарын сараптауға ерекше назар бөлетіндігінде. Сондықтан да аймақтану мамандарын даярлау бүгінгі күнгі заман талабының сұранысынан туындап отыр. Осы себепті Қостанай қаласының үздік түлектері аймақтану мамандығын таңдап, өзінің болашақ кәсіби өмірін осы саламен байланыстырып отыр. Әлемдегі кез келген аймақ елдерінің саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелерін, мейілі әртүрлі халықтар мен әртүрлі дін өкілдерінің өзара қарым-қатынастарының салдарынан туындаған мәселелерінде сараптама жасауда аймақтанушы маман өзінің жан-жақты біліктілігімен ерекшеленеді.

Аймақтану мамандығы елімізде алғаш рет әлемнің ең ірі 418 халықаралық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатып, заманауи халықаралық білім бағдарламаларын жүзеге асырып отырған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінде ашылған болатын. Мамандықтың ашылуына ұйытқы болған факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамы аймақтану мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен типтік оқу бағдарламаларының да негізгі өзірлеушілері болып табылады.

Аймақтану мамандығының бакалавр студенттері әлем аймақтарын, атап айтқанда Батыс Еуропа, АҚТТ және Канада, Азия-Тынық мұхит аймағы елдері, Орталық Азия аймағы елдерін кешенді түрде зерттейді. Яғни, студенттердің таңдауы бойынша айқындалған аймақ елдеріне қатысты олардың тарихы, саяси жүйесі, сыртқы саясаты мен экономикасы, мәдениеті, ғылымы және білім беру жүйесі жөнінде дәрістер оқылады. Сонымен қатар, аймақтану мамандығы студенттері халықаралық аймақтану, әлем елдері мен аймақтарының тарихы, халықаралық қатынастардың жүйелілік тарихы, дипломатиялық қызметтің негіздері, мемлекеттік протокол және этикет, келіссөздер жүргізу шеберлігі, халықаралық қатынастар жүйесіндегі аймақтардың қазіргі мәселелері, аймақтық қауіпсіздік және аймақтық қақтығыстарды шешу мәселелері және тағы басқа пәндер бойынша жүйелі түрде дәріс тыңдайды. Аймақтану мамандығында студенттердің таңдауы бойынша екі шет тілін меңгеру белгіленген. Аймақтану мамандығының бакалавр студенттері факультетімізде магистратурада және докторантурада бюджеттік негізде өздерінің білімдерін жалғастыру мүмкіншілігіне ие.

Аймақтану мамандығын тәмамдаған түлектер референт ретінде, аймақтар мен мемлекеттер бойынша кеңесші, әртүрлі ұйымдар мен мекемелерде қызмет ету барысында маманданған аймақ тілдері бойынша аудармашы, еліміздің Сыртқы істер министрлігінде, шетелдегі дипломатиялық және консулдық мекемелерде, шетелдік серіктестермен сыртқы экономикалық, мәдени, ақпараттық қызметпен айналысатын кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелердің сараптамалық органдарында, әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік билік органдарында, қазақстандық және шетелдік компаниялардың консалтингті және ақпараттық-сараптамалық құрылымдарында, Қазақстан Республикасының ғылым және білім мекемелерінде кәсіптік қызметті жүзеге асыруға қабілетті.

Аталмыш бағыттың түлектері халықаралық қатынастарда іскерлік деңгейде емін еркін шет тілінде ауызша және жазбаша келіссөздер жүргізіп, еліміздің мүддесін барлық деңгейде қорғауға дайын.

Амангелді ӘЛІПБАЕВ,
Бақыт БӨЖЕЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
халықаралық қатынастар факультетінің доценттері.